2 Тігу дөңгелегін өзіңізге қарай (сағат тіліне қарсы) айналдырып, басып тұратын табанның рычагын көтеріңіз.

3 Орауыш қақпағын сырғытып шешіңіз де, өзіңізге қарай көтеріңіз.



① Орауыш қақпағы

4 Орауышты жіп көрсеткі көрсетіп тұрған бағытта шығып тұратын етіп салыңыз.




! ЕСКЕРТУ!

- Орауышты жіп дұрыс бағытта тарқатылатын етіп салу керек. Жіп қате бағытта тарқатылатын болса, жіп тартылысы қате болуы немесе ине сынып кетуі мүмкін.


5 Жіптің ұшын ұстап, орауышты саусақпен төмен басыңыз да, жіпті көрсетілгендей тесікке өткізіңіз.

- Жіп орауыш қабының тартылысты реттейтін серіппесі арқылы дұрыс өткізілмесе, жіп тартылысы дұрыс болмауы мүмкін.



① Тартылысты реттейтін серіппе

6 Орауыш қақпағын ауыстырыңыз. Шығыңқы жерін орауыштың челнок ойығына салып, итеріп жабыңыз.



① Ойық
② Шығыңқы жер

- Жіптің ұшы қақпақтан машинаның артына қарай шығып тұруы керек (суретте көрсетілген).
- Тігуді бастамас бұрын, төменгі жіпті тартып қойыңыз. Жоғарғы жіпті сабақтап болғаннан кейін, мынаны қараңыз: «Төменгі жіпті тарту», бет: 21.


Төменгі жіпті сабақтау (жылдам салынатын орауышы бар үлгілер үшін)

Жіп оралған орауышты орнатыңыз.
Бұл мүмкіндік кейбір үлгілерде ғана бар.

1 «Төменгі жіпті сабақтау», бет: 15 ішіндегі **1** - **4** қадамдарды орындаңыз.

2 Көрсетіліп тұрғандай орауышты оң қолыңызбен ақырын ұстап тұрып, жіпті тесіктен өткізіңіз (**1** және **2**). Содан кейін, жіпті өзіңізге қарай тартып кескішпен кесіңіз (**3**).


- Осы кезде, орауыштың сағат тіліне қарсы оңай айналатынын тексеріңіз.



- ① Тесік
- ② Кескіш (жіпті кескішпен кесіңіз.)


Ескертпе

- Жіп орауыш қабының тартылысты реттейтін серіппесі арқылы дұрыс өткізілмесе, жіп тартылысы дұрыс болмауы мүмкін.



- ① Тартылысты реттейтін серіппе

3 Орауыш қаппағын орнына салыңыз. Шығыңқы жерді челнок ойығына салып, итеріп жабыңыз.




- ① Ойық
- ② Шығыңқы жер

- Жоғарғы және төменгі жіптерді сабақтап болғаннан кейін тігуді бастаңыз. Бұрмелерді немесе қатпарларды тіккенде, төменгі жіпті қолмен тартып, біраз жіп қалдыруға болады. «Төменгі жіпті тарту» (21-бет) ішіндегі қадамдарды қараңыз.

1

Жоғарғы жіпті сабақтау




- | | |
|-----------------------------|-----------------------------|
| ① Орам істікшесі | ④ Жіп бағыттағышының рычагы |
| ② Жіп бағыттағышы (артқы) | ⑤ Тігу дөңгелегіндегі белгі |
| ③ Жіп бағыттағышы (алдыңғы) | |

⚠ ЕСКЕРТУ!

- Жоғарғы жіпті сабақтағанда, нұсқауларды мұқият орындаңыз. Жоғарғы жіп дұрыс сабақталмаса, жіп оралып қалуы немесе ине бүгіліп не сынып кетуі мүмкін.
- Салмағы 20 немесе одан төмен болатын жіпті пайдаланушы болмаңыз.
- Ине мен жіптің дұрыс комбинациясын пайдаланыңыз. Ине мен жіптің дұрыс комбинацияларын мына жерден қараңыз: «МАТА, ЖІП ЖӘНЕ ИНЕ КОМБИНАЦИЯЛАРЫ», бет: 22.

1 Машинаны өшіріңіз.


2 Басып тұратын табан рычагын көтеріңіз.



① Басып тұратын табан рычагы


3 Дөңгелектегі белгі жоғары қарап тұратын етіп, тігу дөңгелегін өзіңізге қарай айналдырып (сағат тіліне қарсы) иені көтеріңіз.

- Ине дұрыс көтерілмесе, тігін машинасына жіпті сабақтау мүмкін болмайды.



① Дөңгелектегі белгі

4 Орам істікшесін жоғары көтеріп, осы істікшеге жіптің бір орамын кигізіңіз.




⚠ ЕСКЕРТУ!

- Жіптің орамы қате жерге салынған немесе дұрыс орнатылмаған болса, жіп орам істікшесіне оралып қалып, иенің сынып кетуіне апаруы мүмкін.


- 5** Орамның жібін оң қолмен ұстап тұрып, жіпті бағыттағышындағы ойықтың ішімен өзіңізге қарай жүргізіңіз.

- Ойықтағы серіппе инені ұстап қалуы керек.




① Серіппе

- 6** Жоғарғы жіпті келесі суретте көрсетілгендей өткізіңіз.



- 7** Жіпті келесі суретте көрсетілгендей жіп бағыттағышының рычагы арқылы оңнан солға қарай сабақтау керек.




① Жіп бағыттағышының рычагы

Ескерту


- Жіп бағыттағышының рычагы түсірілген болса, оған жоғарғы жіпті орау мүмкін болмайды. Дөңгелектегі белгі жоғары қарап тұратын етіп, тігу дөңгелегін өзіңізге қарай айналдырып (сағат тіліне қарсы) инені көтеру керек.

- 8** Жіпті иненің үстіндегі бағыттағыш артына өткізіңіз.

- Жіпті сол қолмен ұстап тұрып, оң қолмен өткізу арқылы ине өзегінің жіп бағыттағышы артына оңай өткізуге болады.




① Ине өзегінің жіп бағыттағышы



- 9** 5 см (2 дюйм) қалдырып, инені алдыдан артқа қарай сабақтаңыз.

- Тігін машинасында ине сабақтағыш бар болса, инені соның көмегімен сабақтаңыз (келесі бөлімді қараңыз).



① 5 см (2 дюйм)

Ескертпе

- Жоғарғы жіпті өткізбес бұрын, басып тұратын табанның рычагы және жіп бағыттағышының рычагы көтеріліп тұрғанын тексеріңіз.
- Жіпті дұрыс өткізбеген жағдайда, тігу кезінде қиындықтар орын алуы мүмкін.

Ине сабақтағышты пайдалану (ине сабақтағышы бар үлгілерге арналған)

Бұл мүмкіндік кейбір үлгілерде ғана бар.


! ЕСКЕРТУ!

- Ине сабақтағышты 75/11 - 100/16 аралығындағы үй қолданысына арналған тігін инелерімен пайдалануға болады. Алайда, ине сабақтағышты үй қолданысына арналған 65/9 тігін инесімен пайдалануға болмайды. Мөлдір нейлон жібі немесе металл жіп сияқты арнайы жіптерді ине сабақтағышпен пайдалануға болмайды.
- 130/120 қалыңдықты немесе қалыңдығы одан жоғары жіпті ине сабақтағышпен пайдалануға болмайды.
- Ине сабақтағышпен қанатты инені немесе қос инені сабақтауға болмайды.
- Ине сабақтағышты пайдалану мүмкін болмаса, мынаны қараңыз: «Жоғарғы жіпті сабақтау», бет: 17.

1 Ине сабақтағышты пайдаланбас бұрын, «Жоғарғы жіпті сабақтау», бет: 17 ішіндегі **1** - **6** қадамдарды орындаңыз.


2 Басып тұратын табан рычагын түсіріңіз.

3 Дөңгелектегі белгі келесі суретте көрсетілгендей жоғары қаратылғанын тексеріңіз.





① Дөңгелектегі белгі

4 Ине сабақтағыштың рычагын түсіріп жатып, жіпті бағыттағышқа іліңіз.





- ① Ине ұстағышы
- ② Ине сабақтағыштың рычагы



- ① Ине ұстағышы
- ② Ине сабақтағыштың рычагы
- ③ Бағыттағыш


5 Ине сабақтағыштың рычагын барынша төмен түсіріп, рычагты машинаның артына қарай (өзіңізден аулақ) бұрыңыз. Ілгек иненің көзінен өтіп, жіпті ұстап қалуы керек.




- ① Ілгек
- ② Жіп

- Ілгек ұстап қалуы үшін, жіпті иненің алдында ұстаңыз.


- 6** Жіпті ақырын ұстап тұрып, ине сабақтағыштың рычагын машинаның алдына қарай (өзіңізге қарай) бұрыңыз. Ілгек жіпті ине арқылы тартып өткізеді.



- 7** Ине сабақтағыштың рычагын көтеріңіз.



- 8** Иненің көзінен өткізілген жіптің ілмегін машинаның артына қарай тартыңыз.




① Жіп ілмегі

! ЕСКЕРТУ!

- Жіпті күшпен тартпаңыз, ол инені бүгуі мүмкін.
- Жіп иненің көзінен өтпесе, ③-қадамнан қайта бастаңыз.

- 9** Басып тұратын табан рычагын көтеріңіз.

- 10** Жіптің ұшын басып тұратын табан арқылы өткізіп, жіптің 5 см (2 дюйм) ұшын машинаның артына қарай шығарып тартыңыз.




① 5 см (2 дюйм)

⚠ Ескертпе


- Жіпті дұрыс өткізбеген жағдайда, тігу кезінде қиындықтар орын алуы мүмкін.

Төменгі жіпті тарту

- 1 Жоғарғы жіптің ұшын ақырын ұстап тұрып, тигу дөңгелегін өзіңізге қарай (сағат тіліне қарсы) қолмен ақырын бұрып иені алдымен түсіріңіз, сосын көтеріңіз.




- 2 Төменгі жіпті тартып алу үшін, жоғарғы жіпті тартыңыз.



- 1 Жоғарғы жіп
- 2 Төменгі жіп

- 3 Екі жіптің де 10 см (4 дюйм) ұшын тартып шығарыңыз да, басып тұратын табанның астымен машинаның артына қарай жіберіңіз.




- 1 Жоғарғы жіп
- 2 Төменгі жіп

■ Жылдам салынатын орауышы бар үлгілер үшін

Орауыштағы жіпті тартпастан дереу тіге бастауға болады. Бүрмелерді немесе қатпарларды тіккенде, төменгі жіпті қолмен тартып, біраз жіп қалдыруға болады. Төменгі жіпті тартып шығармас бұрып, орауышты қайтадан салып қойыңыз.

- 1 Орауыш қақпағын шешіп, орауышты орнына салыңыз.
- 2 Жіпті көрсеткінің бағытымен ойықтың бойымен өткізіп, сол жерде кеспестен қалдырыңыз.



- Орауыш қақпағы әлі орнына салынбаған болуы тиіс.

- 3 Төменгі жіпті алдыңғы 1 - 3 қадамдарында сипатталғандай тартып шығарыңыз.
- 4 Орауыш қақпағын орнына салыңыз.

МАТА, ЖІП ЖӘНЕ ИНЕ КОМБИНАЦИЯЛАРЫ

1

Мата түрі/апликация		Жіп		Иненің өлшемі
		Түрі	Өлшемі	
Орта салмақты маталар	Қалың жүн мата	Мақта-мата жібі	60–90	75/11–90/14
	Тафта	Синтетикалық жіп		
	Фланель, габардин	Жібек жіп	50	
Жұқа маталар	Бәтес	Мақта-мата жібі	60–90	65/9–75/11
	Жоржет	Синтетикалық жіп		
	Чаллис, атлас	Жібек жіп	50	
Қалың маталар	«Деним» мақта-мата кездемесі	Мақта-мата жібі	30	100/16
			50	
	Ши барқыт	Синтетикалық жіп	50–60	90/14–100/16
Твид	Жібек жіп			
Созылатын маталар	Джерсе	Тоқымаға арналған жіп	50–60	Шарикті ине 75/11–90/14 (алтын түсті)
	Трико			
Жылдам тозатын маталар		Мақта-мата жібі	50–90	65/9–90/14
		Синтетикалық жіп		
		Жібек жіп	50	
Жоғарғы жақпен тігуге арналған		Синтетикалық жіп	30	100/16
		Жібек жіп	50–60	75/11–90/14



Ескертпе

- Салмағы 20 немесе одан төмен болатын жіпті пайдаланушы болмаңыз. Машинаның ақаулы істеуіне апаруы мүмкін.



Ескерту

- Жіп нөмірі неғұрлым төмен болса, жіп соғұрлым қалың болады, ал ине нөмірі неғұрлым жоғары болса, ине соғұрлым қалың болады.

■ Шарикті ине

Созылатын маталарды немесе тігіссіз жерлер оңай пайда болатын маталарды шарикті инемен тігіңіз.

■ Мөлдір нейлон жібі

Матаға немесе жіпке қарамастан, 90/14 - 100/16 арасындағы инені пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Кестеде берілген мата, жіп және ине комбинацияларын ұстану қажет. Денимге ұқсас қалың матамен кішкентай ине (65/9-75/11) сияқты қате комбинация пайдаланылса, ине бүгіліп немесе сынып кетуі мүмкін. Қате комбинация нәтижесінде тігіс қисық болуы, мата жиырылуы немесе машина тігіс қалдырмай өтуі мүмкін.

2 ТІГУ НЕГІЗДЕРІ

Тікпес бұрын оқып шығыңыз

! ЕСКЕРТУ!

- Жарақат алмау үшін, машинаны пайдаланып жатқанда инені бақылап тұрыңыз. Қолдарыңызды қозғалатын бөлшектерден аулақ ұстаңыз.
- Тігіп жатқанда матаны созбаңыз немесе тартпаңыз. Ине зақымдануы, ал сіз жарақат алуыңыз мүмкін.
- Бүгілген немесе сынған инелерді пайдаланбаңыз. Жарақат алуыңыз мүмкін.
- Тігіп жатқанда, иненің түйреуіштерге немесе басқа заттарға тимеуін қадағалаңыз. Ине сынып кетуі және сіз жарақат алуыңыз мүмкін.
- Міндетті түрде басып тұратын табанның дұрыс түрін пайдаланыңыз. Басып тұратын табан қате таңдалса, ине оған тиіп, бүгілуі немесе сынуы, сондай-ақ жарақат беруі мүмкін.
- Тігу дөңгелегін қолмен айналдырғанда, міндетті түрде өзіңізге қарай (сағат тіліне қарсы) айналдырыңыз. Басқа жаққа айналдырса, жіп оралып қалып, инені не матаны зақымдауы, сондай-ақ сіз жарақат алуыңыз мүмкін.
- Матаны басып тұратын табанның астына салмастан тігуді бастамаңыз. Табан зақымдануы мүмкін.

Тігуді бастау

- 1 Машинаны қосыңыз.




! ЕСКЕРТУ!

- Педальді басқан кезде машинаны қоспаңыз. Машина күтпеген жерден іске қосылып, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдануы мүмкін.


- 2 Дөңгелектегі белгі жоғары қарап тұратын етіп, тігу дөңгелегін өзіңізге қарай айналдырып (сағат тіліне қарсы) инені көтеріңіз.
- 3 Өрнек таңдау дөңгелегін айналдырып тігіс түрін таңдаңыз (қараңыз: 11-бет.).
- 4 Басып тұратын табанды ауыстырыңыз (қараңыз: 10-бет.).

- 5 Басып тұратын табан рычагын көтеріңіз.




- 1 Басып тұратын табан рычагы

- 6 Басып тұратын табан астына мата салып, табан арқылы жіптің ұшын өткізіп, жіптің 5 см (2 дюйм) ұшын машинаның артына қарай шығарып тартыңыз.




- 1 5 см (2 дюйм)

- 7** Жіптің ұшын және матаны сол қолмен ұстап тұрып, тігу дөңгелегін өзіңізге қарай (сағат тіліне қарсы) оң қолмен ақырын бұрып инені тігістің бастапқы нүктесіне түсіріңіз.




- 8** Басып тұратын табан рычагын түсіріңіз.



- ① Басып тұратын табан рычагы

- 9** Педальді баяу басыңыз.



- Машина тіге бастайды.

- 10** Аяғыңызды педальдан алыңыз.


- Машина тігуді тоқтатады.

- Артқа тігу рычагын басып артқа тігу мүмкіндігімен тігістерді қайта тігуге және күшейтуге болады. Мәліметтерді мына жерден қараңыз: «Артқа тігу тетігі», бет: 12.

- 11** Тігу дөңгелегін өзіңізге қарай айналдырып (сағат тіліне қарсы) инені көтеріңіз.

- 12** Басып тұратын табан рычагын көтеріңіз.

- 13** Матаны машинаның сол жағына тартып, жіптерді кескішпен кесіп алыңыз.




- ① Жіп кескіші

Сынап тігу

Матаның бір тілімін тігіп көру керек. Сіз қолданатын мата мен жіпке ұқсас матаны және жіпті пайдаланыңыз, сондай-ақ жіп тартылысын, тігіс ұзындығы мен енін тексеріңіз.

Тігу бағытын өзгерту


Тігу бағыты өзгертін нүктеде машинаны инені матаның ішінде қалдыра тоқтатып, басып тұратын табанның рычагын көтеріңіз. Матаны иненің айналасында бұрып, басып тұратын табанды түсіріңіз де, тігуді жалғастырыңыз.



Қалың маталарды тігу

- Мата басып тұратын табанның астына сыймаған жағдайда

Мата басып тұратын табанның астына сыймаған жағдайда, табанды одан да жоғары көтеріп ең жоғарғы позициясына қойыңыз.




⚠ ЕСКЕРТУ!

- 6 мм-ден (15/64 дюйм) қалың мата тігілсе немесе мата асыра күшпен жүргізілсе, ине бүгіліп немесе сынып кетуі мүмкін.

Жұқа маталарды тігу


Жұқа маталарды тіккенде, тігіс қисық болып кетуі немесе мата дұрыс жүргізілмеуі мүмкін. Мұндай жағдай орын алса, матаның астына жұқа қағаз немесе тұрақтандыру материалын салып, матамен бірге тігіп шығыңыз. Тігіп болғанда, қалған қағазды жыртып тастаңыз.



① Тұрақтандыру материалы немесе қағаз

Созылатын маталарды тігу

Алдымен, маталардың кесектерін көктеп, содан кейін матаны созбастан тігіп шығыңыз.




① Көктеу

Цилиндрлік жерлерді тігу

Тағылатын тегіс платформаны шешу жеңдер және шалбар балақтары сияқты цилиндрлік жерлерді немесе қиын тігілетін жерлерді тигуді жеңілдетеді.

1 Тағылатын тегіс платформаны солға сырғытып шешіңіз.




① Тағылатын тегіс платформа

▶ Тағылатын тегіс платформа шешілгенде, жеңдерді тігу мүмкін болады.

Ескертпе

- Жеңдерді тігіп болғаннан кейін, тағылатын тегіс платформаны орнына қиғізіп қойыңыз.

2 Тігілетін бөлікті өзекке кигізіп, жоғарғы жақтан тігіңіз.



Қос инемен тігу (опциялық)

Машинаны осы инемен және екі жоғарғы жіппен тігетін етіп жасадық. Декоративтік тігіс жасау үшін, бір түсті немесе екі түсті жіп пайдалануға болады.



Қос ине



Қосымша орам істікшесі

ЕСКЕРТУ!


- Осы машина үшін жасалған қос инелерді ғана пайдаланыңыз (бөлшек нөмірі: X57521-021:2,0/75; ені - 2 мм). Басқа инелер сынып, машинаны зақымдауы мүмкін.
- Иненің басып тұратын табанға тиюіне жол бермеңіз.
- Бүгілген инемен тікпеңіз. Ине сынып, сізді жарақаттауы мүмкін.

■ Қос инені тағу

Қос инені бір инені таққандай тағыңыз (8-9 - беттерді қараңыз). Иненің жалпақ жағы артқа, ал дөңгелек жағы өзіңізге қаратылуы тиіс.

■ Қосымша орам істікшесін тағу

Қосымша орам істікшесін тігін машинасының жоғарғы жағындағы тесікке кіргізіңіз. Екінші жіп орамын қосымша орамның істікшесіне кігізіңіз.



- 1 Бірінші орам
- 2 Екінші орам

■ Қос инені сабақтау

Әр инені бөлек сабақтау керек.



Ескертпе

Ине сабақтағышы бар үлгілер

- Ине сабақтағышпен қос инені сабақтау мүмкін емес. Оның орнына, қос инені алдыңғы жақтан артқа қарай қолмен сабақтаңыз. Ине сабақтағышты пайдалану машинаны зақымдауы мүмкін.

1 Бірінші орамның жібін тігін машинасындағы ине өзегінің жіп бағыттағышынан өткізіңіз.

Машина жібін ине өзегінің жіп бағыттағышынан өткізудің жолы тігін машинасының жібін әдеттегідей өткізудің жолымен (бір инелік) бірдей. Қосымша ақпаратты 18-бет. қараңыз.


2 Сол жақ инені алдынан артқа қарай сабақтаңыз.

3 Екінші орамның жібін тігін машинасындағы ине өзегінің жіп бағыттағышының рычагынан өткізіңіз.

Машина жібін жіп бағыттағышының рычагынан өткізудің жолы тігін машинасының жібін әдеттегідей өткізудің жолымен (бір инелік) бірдей. Қосымша ақпаратты 18-бет. қараңыз.

4 Оң жақ инені алдынан артқа қарай сабақтаңыз.

Жіпті ине өзегінің жіп бағыттағышының артынан өткізбеңіз.



- 1 Сол жақ иненің жібі ине өзегінің жіп бағыттағышы арқылы өтеді
- 2 Оң жақ иненің жібі ине өзегінің жіп бағыттағышының алдында өтеді
- 3 Ине өзегінің жіп бағыттағышы

5 «J» иректөп тігу табанын тағыңыз.

Табанды ауыстыру туралы мәліметтерді мына жерден қараңыз: «Басып тұратын табанды ауыстыру», бет: 10.



ЕСКЕРТУ!

- Қос инені қолданғанда, «J» иректі тігу табанын міндетті түрде тағыңыз, әйтпесе ине сынып кетуі немесе машина зақымдануы мүмкін.

6 Машинаны қосыңыз.



ЕСКЕРТУ!

- Педальді басқан кезде машинаны қоспаңыз. Машина күтпеген жерден іске қосылып, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдануы мүмкін.

7 Тігіс түрін таңдаңыз.

ЕСКЕРТУ!

- Тігіс енін реттегеннен кейін, тігу дөңгелегін баяу өзіңізге қарай (сағат тіліне қарсы) бұрып, иненің табанға тиіп тұрмағанын тексеріңіз. Ине табанға тисе, бүгіліп немесе сынып кетуі мүмкін.
- Қос инені «Түзу тігіс» (Ортаңғы ине позициясы) және «Иректі тігіс» (ені: 1,5 мм (1/16 дюйм)) күйлерімен ғана пайдалану керек. Қос инені басқа тігістермен пайдаланбаңыз.

8 Тіге бастаңыз.

Тігуді бастау туралы мәліметтерді мына жерден қараңыз: «Тігуді бастау», бет: 23.
 ► Бір-біріне параллельді екі жол тігіледі.



ЕСКЕРТУ!

- Тігу бағытын ауыстырғанда, инені матадан көтеріп, басып тұратын табанды көтеріңіз және матаны бұрыңыз. Әйтпесе, ине сынып кетуі немесе машина зақымдануы мүмкін.

Жіп тартылысы


Жіптің тартылып тұруы тігістердің сапасына әсер етеді. Матаны немесе жіпті ауыстырғанда, оны реттеу керек болуы мүмкін.

Ескерту

- Тікпес бұрын бір кесек матаны тігіп көруді ұсынамыз.

Дұрыс тартылыс

Дұрыс тартылыс маңызды болып келеді, себебі артық немесе жеткіліксіз тартылыс тігісті нашарлатады немесе матаны жиырады.




- ① Матаның беті
- ② Матаның ішкі жағы
- ③ Жоғарғы жіп
- ④ Төменгі жіп

Жоғарғы тартылыс тым қатты


Матаның бетінде ілмектер пайда болады.

Ескертпе

- Орауышқа жіп дұрыс оралмаған болса, жоғарғы жіп тым қатты тартылып тұруы мүмкін. Мұндай жағдайда, «Төменгі жіпті сабақтау», бет: 15 қарап, жіпті орауышқа қайта ораңыз.



- ① Матаның беті
- ② Матаның ішкі жағы
- ③ Жоғарғы жіп
- ④ Төменгі жіп
- ⑤ Матаның бетінде ілмектер пайда болады



Шешім

Жоғарғы тартылысты реттеу дөңгелегін төменірек санға бұрып қойып тартылысты азайтыңыз.



■ Жоғарғы тартылыс тым бос

Матаның ішкі жағында ілмектер пайда болады.



Ескертпе

- Жіп орауышқа дұрыс оралмаған болса, жоғарғы жіп тым бос болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, «Жоғарғы жіпті сабақтау», бет: 17 қарап, жоғарғы жіпті қайта ораңыз.



- ① Матаның беті
- ② Матаның ішкі жағы
- ③ Жоғарғы жіп
- ④ Төменгі жіп
- ⑤ Матаның ішкі жағында ілмектер пайда болады

Шешім

Жоғарғы тартылысты басқару деңгелегін жоғарырақ санға бұрып қойып тартылысты арттырыңыз.

3 МАШИНАДА БАР ТІГІСТЕР

Түзу тігіс

Түзу тігістер тегіс жолмен тігуге арналған.

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	6	1,6 (1/16)
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	7	1,8 (1/8)
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	8	2 (1/16)
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	9	3 (1/8)
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	10	4 (3/16)
Түзу тігіс (Сол жақ ине позициясы)	11	2,5 (3/32)

Жоғарғы жақпен тігу және созылатын материалдар


Түзу тігіспен жоғарғы жақты және жеңіл салмақты маталарды тігуге болады.

Иректі тігіс

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]
Иректі тігіс	2	0,7 (1/32)	1,8 (1/8)
Иректі тігіс	3	1,5 (1/16)	3,3 (3/16)
Иректі тігіс	4	2 (1/16)	5 (3/16)
Иректі (кестелеу) тігіс	5	0,5 (1/32)	5 (3/16)

Иректі тігіс

Өрнек таңдау дөңгелегін «Иректі тігіс» күйіне қойып, тіге бастаңыз.



Иректі тігістердің басы мен аяғын «Түзу тігіс» күйін орнатып тігуді ұсынамыз. (Бұл күшейту тігісі ретінде әрекет етеді.)




Иректі (кестелеу) тігіс

«Иректі (кестелеу) тігіс» күйімен декоративтік тігістерді жасауға болады.

«Иректі (кестелеу) тігіс» күйімен тіккенде, тігістер әдемі болуы үшін жоғарғы жіпті сәл босатып тігіңіз.

Өрнек таңдау дөңгелегімен «Иректі (кестелеу) тігіс» күйін (№ 5) үш тігіс ұзындығының біреуіне орнатуға болады. Ортаңғы позиция — стандартты тігіс ұзындығына арналған параметр.



- 1 Қысқалау тігіс ұзындығын пайдалану үшін, өрнек таңдау дөңгелегін «Иректі (кестелеу) тігіс» күйінің (№ 5) сол жақ позициясына бұрыңыз.
- 2 Ұзындау тігіс ұзындығын пайдалану үшін, өрнек таңдау дөңгелегін «Иректі (кестелеу) тігіс» күйінің (№ 5) оң жақ позициясына бұрыңыз.

Жіпті жасырып тігу

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]
Жасырын тігіс	12 	2 (1/16)	5 (3/16)
Созылмалы жасырын тігіс	14 	2 (1/16)	5 (3/16)



Ескерту


- Цилиндрлік кесектердің өлшемі өзекке кигізу үшін тым кішкентай болғанда немесе ұзындығы тым қысқа болса, мата жүргізілмейді және керекті нәтиже алынбауы мүмкін.

1 Әйел көйлегін немесе шалбарды аударыңыз.



- 1 Матаның теріс жағы
- 2 Матаның оң жағы
- 3 Ішкі жақ
- 4 Матаның қыры

2 Матаның керекті жағын бүгіп, үстің басыңыз.




- 1 Матаның теріс жағы
- 2 Матаның оң жағы
- 3 Матаның қыры
- 4 Матаның бүгілген жері

<Қалың мата>

<Қалыпты мата>

<Бүйірінен тігіледі>

3 Бормен матаның қырынан 5 мм (3/16 дюйм) қалдырып белгілеңіз де, көктемгіз.




- 1 Матаның теріс жағы
- 2 Матаның оң жағы
- 3 Матаның қыры
- 4 Көктеу тігісі
- 5 5 мм (3/16 дюйм)
- 6 Матаның бүгілген жері

<Қалың мата>

<Қалыпты мата>

<Бүйірінен тігіледі>

4 Көктеу тігісінің бойымен матаны ішке қарай бүктемгіз.




- 1 Матаның теріс жағы
- 2 Матаның қыры
- 3 Көктеу
- 4 5 мм (3/16 дюйм)
- 5 Матаның бүгілген жері
- 6 Матаның оң жағы
- 7 Көктеу нүктесі

<Қалың мата>

<Қалыпты мата>

<Бүйірінен тігіледі>

5 Матаның бүгілген жерін жазып, теріс жағын жоғары қаратыңыз.



- 1 Матаның теріс жағы
- 2 Матаның оң жағы
- 3 Көктеу
- 4 Матаның қыры
- 5 Матаның бүгілген жері
- 6 Көктеу нүктесі

<Қалың мата>


<Қалыпты мата>

<Бүйірінен тігіледі>

6 Тағылатын тегіс платформа шешілгенде, жеңдерді тігу мүмкін болады.

- Жеңдерді тігу туралы мәліметтерді «Цилиндрлік жерлерді тігу» (25-бет) бөлімінен қараңыз.


- 7** Тігілетін бөлікті өзекке кигізіп, мата дұрыс жүргізілетінін тексеріңіз де, тіге бастаңыз.




① Өзек

- 8** Тігіс түрін таңдап болғаннан кейін, тігу дөңгелегін өзіңізге қарай (сағат тіліне қарсы) ине оң жақтан сол жаққа жылжығанша ақырын айналдырыңыз.

- 9** Матаны басып тұратын табанның астына салып, ине тігістің сол жақ ұшына келіп, бүгілген жерді сәл ұстап қалғанша тігіс енін реттеңіз.



① Матаның теріс жағы
② Бүгілген жер
③ Ине кіретін жер




① Ине
② Ине кіретін жер
③ Бүгілген жер

- 10** Басып тұратын табан рычагын түсіріңіз.

- 11** Матаны қолдарыңызбен ұстап тұрып, ине бүгілген жерді сәл ұстап қалатын етіп баяу жылдамдықпен тігіңіз.

- 12** Көктеу тігісін алып тастап, матаның оң жағына аударыңыз.




① Матаның теріс жағы ② Матаның оң жағы

Қайып тігу

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]
Қайып тігу	15	2 (1/16)	5 (3/16)

* Нөмірі 15 тігіс кейбір үлгілерде ғана бар.

- 1** Матаны басып тұратын табанның астына тігіс жолы (немесе жебе ұшының нүктесі) табанның ортасынан шамамен 3 мм (1/8 дюйм) сол жақта болатын етіп салыңыз.



- Тігіс жолына қалдырылған жер тігіс өрнегінен кең болса, тіккеннен кейін қалған матаны кесіп тастаңыз.

Иілімді тігіс

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]
Иілімді тігіс	13	1 (1/16)	5 (3/16)

«Иілімді тігіс» күйін жамау, иілімді немесе біріктіретін матаны тігу үшін пайдалануға болады. Өр тігіс төменде сипатталған.

■ Жамау

1 Жамалатын жердің астына жамау салыңыз.

- Жамауды түйреуіштермен түйреңіз.


2 Жыртылған жерді суретте көрсетілгендей иілімді тігіспен тігіңіз.



■ Иілімді таспаны тігу

1 Иілімді таспаны матаның теріс жағына түйреңіз.

2 Тігіп жатқанда, иілімді таспаны басып тұратын табанның алдында және артында созыңыз.




■ Матаны біріктіру

Иілімді тігіспен екі матаны біріктіруге болады, сондай-ақ бұл тігіс тоқылған маталарды тігуге өте ыңғайлы. Нейлон жібі қолданылғанда, тігіс көрінбейді.

1 Екі матаның қырларын біріктіріп, басып тұратын табанның астына кіргізіңіз.

2 Иілімді тігіспен оларды біріктіріп тігіңіз. Екі матаның қырларын біріктіріп ұстау қажет.

- Екі матаны түйреуіштермен біріктіріңіз.




Қос бағытты тігу

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]
Қос бағытты тігіс	16 	1,2 (1/16)	5 (3/16)
Қосатын тігіс	17 	1,2 (1/16)	5 (3/16)

* Тігіс нөмірлері. 16-17 кейбір үлгілерде ғана бар.

Бұл тігістер құрақ тігу сияқты екі матаны біріктіруге арналған.

Мысал: қос бағытты тігісті құрақ



- 1 Қаланған тігіс жолы
- 2 Түзу тігіс
- 3 Қос бағытты тігіс

4 ТҮЙМЕ ТЕСІКТЕРІН ТІГУ

! ЕСКЕРТУ!

- Басып тұратын табанды ауыстырмас бұрын міндетті түрде машинаны өшіріңіз. Әйтпесе, педаль байқаусызда басылып, машина тіге бастаса, жарақат алынуы мүмкін.


Түйменің тесігін жасау

Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]	Табан
	0,5 (1/32)	5 (3/16)	«А» түйме тесігінің табаны

! Ескерту

- Киімде жасамас бұрын, түйме тесігін бір кесек матада жасап көруді ұсынамыз.
- Жұмсақ маталарда түйме тесіктерін жасағанда, матаның астына тұрақтандыру материалын салыңыз.

- 1** Тігінші борын пайдаланып түйме тесігінің матада орнын және ұзындығын белгілеңіз.




- ① Матадағы белгілер
② Түйме тесігін тігу

- 2** Түйме тесігінің табанын тағып, жақтауды оның алдыңғы жағындағы пластикалық ендірменің көмегімен артқа қарай тоқтағанша итеріңіз.

! ЕСКЕРТУ!

- Басып тұратын табан дұрыс қаратылып орнатылмаса, ине оған тиіп, бүгілуі немесе сынуы, сондай-ақ жарақат беруі мүмкін. (Басып тұратын табанның дұрыс бағытын мына жерден қараңыз: 10-бет..)

- 3** Алдымен алдыңғы қысқа жолдарды тігу керек. Басып тұратын табанның орта тұрсының астындағы қысқа жол белгісін туралап, оны басып тұратын табандағы екі сызыққа келтіріңіз.



- ① Бор белгісінің алдыңғы жағы
② Қызыл сызықтар


■ Түйме тесігін жасау

Қадам	Тігілетін бөлім	Өрнек
1-қадам (Алдыңғы қысқа жолдар)		
1. Өрнек таңдау дөңгелегін «а» күйіне орнатыңыз. 2. Басып тұратын табанды түсіріп, 5-6 тігіс жасаңыз. 3. Машинаны ине тігістің сол жағында болғанда тоқтатып, иені матадан көтеріп алыңыз.		
2-қадам (Сол жағы)		
1. Өрнек таңдау дөңгелегін «b» күйіне орнатыңыз. 2. Тігінші борымен сызылған сызық бойымен тігіп шығыңыз. 3. Машинаны ине тігістің сол жағында болғанда тоқтатып, иені көтеріп алыңыз.		

Қадам	Тігілетін бөлім	Өрнек
3-қадам (Артқы қысқа жолдар)		
1. Өрнек таңдау дөңгелегін «с» күйіне орнатыңыз (1-қадамдағы позициямен бірдей). 2. 5-6 тігіс жасаңыз. 3. Машинаны ине тігістің оң жағында болғанда тоқтатып, инені матадан көтеріп алыңыз.		
4-қадам (Оң жағы)		
1. Өрнек таңдау дөңгелегін «d» күйіне орнатыңыз. 2. Оң жақты ине 1-қадамда тігілген тігіске жеткенше тігіңіз.		

■ Тігісті түйіндеу және түйменің тесігін кесу

- 1 Тігісті түйіндеу үшін, матаны сағат тіліне қарсы 90 градусқа бұрып, түйме тесігінің алдыңғы қысқа жолдарының соңына дейін түзу тігіңіз.
- 2 Матаны машинадан шығарыңыз. Тігістер кесіліп кетпеуі үшін, түйме тесігінің екі ұшына түйреуіш түйреуді ұсынамыз.
- 3 Түйме тесігінің орнын ортасынан тігіс сөккішпен тесіңіз. Ешбір тігістің кесіліп кетпеуін қадағалаңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ!

- Түйме тесігінің орнын тігіс сөккішпен тескенде, қолыңызды немесе саусағыңызды кесілетін жерге қоймаңыз. Тігіс сөккіш тайып кетіп, сізге жарақат беруі мүмкін.

Түйме тесіктерін реттеу


Түйме тесігінің екі жағындағы тігіс бірдей болмаса, келесі реттеулерді орындауға болады.

- 1 Түйме тесігінің сол жағын тігіп болғанда, оң жақты тігіп, жіптің берілуін тексеріңіз.



① Оң жақ жол

- 2 Оң жақпен салыстырғанда сол жақ тым сирек немесе жиі болса, төмендегі параграфтарда сипатталғандай түйме тесігін дәл келтіру бұрандасын бұраңыз.



- ① Түйме тесігін дәл келтіру бұрандасы
- ② Сол жағы
- ③ Түйме тесігінің көрінісі

Сол жақ тым сирек болса, түйме тесігін дәл келтіру бұрандасын үлкен бұрауышпен «←» бағытында бұраңыз. Сол жақ тым жиі болса, түйме тесігін дәл келтіру бұрандасын үлкен бұрауышпен «→» бағытында бұраңыз.

- Бұл реттеу екі жақты бірдей етеді.

5 ҚОСПАЛАРДЫ ЖӘНЕ АППЛИКАЦИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ


! ЕСКЕРТУ!

- Басып тұратын табанды ауыстырмас бұрын міндетті түрде машинаны өшіріңіз. Әйтпесе, педаль байқаусызда басылып, машина тіге бастаса, жарақат алынуы мүмкін.

Сылдырма ілгек енгізу


Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Табан
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)		3 (1/8)	«I» сылдырма ілгек табаны

«I» сылдырма ілгек табаны пайдаланып түрлі сылдырма ілгектерді тігуге, сондай-ақ оны иненің оң жағына да, сол жағына да орнатуға болады. Сылдырма ілгекті оң жаққа тіккенде, сапты сылдырма ілгек табанының сол жақ істікшесіне тағыңыз. Сылдырма ілгекті сол жаққа тіккенде, сапты сылдырма ілгек табанының оң жақ істікшесіне тағыңыз.



- 1 Сылдырма ілгекті сол жаққа тігуге арналған оң жақ істікше
- 2 Сылдырма ілгекті оң жаққа тігуге арналған сол жақ істікше
- 3 Сылдырма ілгекті сол жаққа тіккендегі иненің кіру нүктесі
- 4 Сылдырма ілгекті оң жаққа тіккендегі иненің кіру нүктесі

1 Сылдырма ілгекті матаның теріс жағына көктеп дайындаңыз.



- 1 Көктеу тігісі
- 2 Теріс тігістер
- 3 Матаның теріс жағы
- 4 Сылдырма ілгектің аяқ жағы
- 5 Сылдырма ілгек

2 Машинаны өшіріңіз. «I» сылдырма ілгек табанын тағыңыз.

! ЕСКЕРТУ!


- Тігу дөңгелегін өзіңізге қарай (сағат тіліне қарсы) айналдырып, тікпес бұрын иненің сылдырма ілгек табанына тимейтінін тексеріңіз. Басқа тігіс түрі таңдалса, ине басып тұратын табанға тиіп, сынады, ал сіз жарақат алуыңыз мүмкін.

3 Машинаны қосыңыз.

! ЕСКЕРТУ!

- Педальді басқан кезде машинаны қоспаңыз. Машина күтпеген жерден іске қосылып, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдануы мүмкін.

4 Матаның оң жағын жоғары қаратып, сылдырма ілгекті басып тұратын табанның оң жағына қойып тігуді жалғастырыңыз.



- 1 Сылдырма ілгектің аяқ жағы
- 2 Көктеу тігісі
- 3 Сылдырма ілгек

- 1 - 3 ретімен тігіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ!


- Иненің тігу барысында сылдырма ілгекке тимеуін қадағалаңыз. Сылдырма ілгекке тиетін болса, ине сынып кетуі, ал сіз жарақат алуыңыз мүмкін.

- 5 Тігіп болғанда, көктеу тігісін алып тастаңыз.





Бұрмелеу

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)		3 (1/8)
Түзу тігіс (Сол жақ ине позициясы)		2,5 (3/32)

- 1 Төменгі жіп материалдың астында болатын етіп жоғарғы жіптің тартылысын азайтыңыз.
- 2 Түзу тігістің бір жолын (немесе бірнеше жолын) тігіп шығыңыз.
- 3 Материалды бұрмелеу үшін, төменгі жіптерді тартыңыз.



Оюлар


Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]
Иректі тігіс		0,7 (1/32)	1,8 (1/8)
Иректі тігіс		1,5 (1/16)	3,3 (3/16)
Иректі тігіс		2 (1/16)	5 (3/16)
Иректі (кестелеу) тігіс		0,5 (1/32)	5 (3/16)

Басқа матаның бір кесегіне пішін беріп, оны декорация ретінде тігіп ою жасауға болады.

- 1 Кесілген оюды матаға көктеміз.






- 2 Оюдың шетінен ақырын иректі тігіспен тігіп шығыңыз.



ҚОСЫМША ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ


Түймелерді тігу

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігісені [мм (дюйм)]	Табан	Басқасы
Иректі тігіс		0,7 (1/32)	1,8 (1/8)	«М» түйме тігу табаны	Жамау пластинасы
Иректі тігіс		1,5 (1/16)	3,3 (1/8)	«М» түйме тігу табаны	Жамау пластинасы
Иректі тігіс		2 (1/16)	5 (3/16)	«М» түйме тігу табаны	Жамау пластинасы

- 1** Түйме тесіктері арасындағы қашықтықты өлшеп, өрнек таңдау деңгелегін керекті енмен бірге «Иректі тігіс» күйіне орнатыңыз.



- 2** Машинаны өшіріңіз.
- 3** Табанды «М» түйме тігу табанына ауыстырыңыз.
- 4** Ине пластинасына жамау пластинасын қойыңыз.




- 5** Машинаны қосыңыз.


! ЕСКЕРТУ!

- Педальді басқан кезде машинаны қоспаңыз. Машина күтпеген жерден іске қосылып, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдануы мүмкін.

- 6** Табан мен матаның арасына түйме салып, иненің тесіктерге түймеге тиместен кіретінін тексеріңіз. Тиген жағдайда, **1** - қадамды қараңыз.




- 7** Баяу жылдамдықпен 10 шақты тігіс жасаңыз.



! ЕСКЕРТУ!

- Иненің тігу барысында түймеге тимеуін қадағалаңыз. Ине сынып кетуі және сіз жарақат алуыңыз мүмкін.


- 8** Тігістің аяқ жағында жоғарғы жіпті матаның теріс жағынан тартып, орауыш жібімен байлаңыз.
- Қайшымен жоғарғы жіп пен орауыш жібін тігістің бас жағында кесіп тастаңыз.



Жамау

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Басқасы
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	6	1,6 (1/16)	Жамау пластинасы
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	7	1,8 (1/8)	Жамау пластинасы
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	8	2 (1/16)	Жамау пластинасы
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	9	3 (1/8)	Жамау пластинасы
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)	10	4 (3/16)	Жамау пластинасы
Түзу тігіс (Сол жақ ине позициясы)	11	2,5 (3/32)	Жамау пластинасы

- 1** Машинаны өшіріңіз. Жамау пластинасын ине пластинасына қойып, машинаны қосыңыз.



- 2** Басып тұратын табанды да, басып тұратын табан ұстағышының жинағын да шешіп, басып тұратын табанның рычагын түсіріңіз.
- 3** Жамалатын бөлікті басып тұратын табанның астына жамау матасымен бірге салыңыз.
- 4** Машинаны қосыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ!


- Педальді басқан кезде машинаны қоспаңыз. Машина күтпеген жерден іске қосылып, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдануы мүмкін.

- 5** Киімді өзіңізден аулақ және өзіңізге қарай тартып отырып, тігіңіз.

☀ Ескертпе

- Мата басылып жатуы үшін, оны соза отырып тігіңіз.

- 6** Осы әрекетті жамалып жатқан бөлік параллельді тігіс жолдарымен тігіліп болғанша қайталай бөріңіз.



Жасырын тігіс табанын пайдалану

Тігіс атауы	Өрнек	Тігіс ұзындығы [мм (дюйм)]	Тігіс ені [мм (дюйм)]
Иректі тігіс		0,7 (1/32)	1,8 (1/8)
Иректі тігіс		1,5 (1/16)	3,3 (3/16)
Иректі тігіс		2 (1/16)	5 (3/16)
Түзу тігіс (Ортаңғы ине позициясы)		3 (1/8)	—
Жасырын тігіс		2 (1/16)	5 (3/16)
Созылмалы жасырын тігіс		2 (1/16)	5 (3/16)

Бұл табан созылмалы жасырын тігіс жасауға пайдалы ғана болмай, матаның шеттері мен бүгілген жерлерін тигуге де қолданылуы мүмкін.


■ Матаның шетін тіккенде

- 1 Машинаны өшіріңіз.
- 2 Жасырын тігіс табанын тағыңыз. Машинаны қосыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ!

- Педальді басқан кезде машинаны қоспаңыз. Машина күтпеген жерден іске қосылып, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдануы мүмкін.

- 3 Инені тігіс матаның шетінен тігілетін қашықтыққа орналастырып, сол жерге инені түсіріңіз.
- 4 Табан бағыттағышының бұрандасын бұрап, матаны бағыттау үшін реттеңіз.



1 Бұранда
2 Бағыттағыш


■ Бүгілген жерлерді тіккенде

- 1 Машинаны өшіріңіз.
- 2 Жасырын тігіс табанын тағыңыз. Машинаны қосыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ!

- Педальді басқан кезде машинаны қоспаңыз. Машина күтпеген жерден іске қосылып, жарақат алуыңыз немесе машина зақымдануы мүмкін.


- 3 Өрнек таңдау дөңгелегін «Түзу тігіс» күйіне (Ортаңғы ине позициясы) орнатыңыз. Табан бағыттағышын ине позициясымен туралаңыз.
- 4 Өрнек таңдау дөңгелегін «Иректі тігіс» күйіне орнатыңыз.
- 5 Матаны табан бағыттағышы матаның екі шетінің арасында тураланатын етіп табанның астына салыңыз.
- 6 Басып тұратын табанды түсіріп, тіге бастаңыз.



■ Созылмалы жасырын тігіс жасағанда

Созылмалы жасырын тігіс табанымен жіпті жасырып тіккенде, бұранданы бұрап бағыттағышты бүгілген шетке туралаңыз.

- Жіпті жасырып тигу туралы қосымша ақпаратты мына жерден қараңыз: 30-бет..



1 Бұранда
2 Бағыттағыш
3 Бүгілген шет

6 ҚОСЫМША

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Майлауға қатысты шектеулер

Машина зақымданбауы үшін, пайдаланушы оны майлап тұруы тиіс. Бұл машина жақсы жұмыс істеуі үшін керекті май көлемі қолданылған түрде өндірілген, оны мерзімді түрде майлаудың керегі жоқ.

Тігу дөңгелегін айналдыру қиындығы немесе әдеттен тыс дыбыс сияқты мәселелер орын алса, өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына немесе ең жақын өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Машинаны сақтауға қатысты қауіпсіздік шаралары

Машинаны төменде сипатталған жерлерде сақтамаңыз. Машина зақымданып, конденсация себебінен тат басуы сияқты қиындықтарға апаруы мүмкін.

- Температурасы өте жоғары жерлер
- Температурасы өте төмен жерлер
- Температурасы қатты өзгертін жерлер
- Жоғары ылғалдылықты немесе булы жерлер
- От, жылытқыш немесе ауа кондиционері жанында
- Сыртта немесе күн сәулесі тікелей түсетін жерлер
- Өте шаң немесе майлы жерлер



Ескертпе

- Осы машинаның қызмет ету мерзімін арттыру үшін, оны мерзімді түрде қосып, пайдаланыңыз. Машинаны пайдаланбастан ұзақ уақыт сақтап қойса, оның тиімділігі төмендеуі мүмкін.

Тазалау


⚠ ЕСКЕРТУ!

- Машинаны тазаламас бұрын розеткадан ажырату керек. Электр тогы соғуы немесе жарақат алуыңыз мүмкін.


1 Машинаны өшіріп, розеткадан ажыратыңыз.

2 Ине мен басып тұратын табанды көтеріңіз.

3 Басып тұратын табанның бұрандасын және ине ұстағышының бұрандасын босатып табан мен инені алып тастаңыз.




4 Бұрауышпен екі бұранданы бұрап алыңыз. Ине пластинасын суретте көрсетілгендей көтеріп алыңыз да, ине пластинасын солға сырғытып шешіңіз.




① Бұрауышты пайдалану

5 Орауыш қабын ұстап, сол жаққа қарай көтеріп шығарыңыз.




- 6** Тазалау щеткасымен немесе шаңсорғышпен орауыш челногынан және айналасынан шаңды тазалаңыз.




- ① Тазалау щеткасы
② Челнок

- Орауыш қабын майламаңыз.

- 7** Орауыш қабын үстіндегі ▲ белгісі машинадағы ● белгісімен төменде көрсетілгендей туралап салыңыз.




- ▲ және ● белгілерін туралаңыз.



- ① ▲ белгісі
② ● белгісі
③ Орауыш қабы

- Орауыш қабын орнатпас бұрын, көрсетілген нүктелердің тураланғанын тексеріңіз.

- 8** Ине пластинасын орнатып, бұрандаларды тартыңыз.



- ① Бұрандалар

- Ине пластинасының мықтап орнатылғанын тексеріңіз.

! ЕСКЕРТУ!

- Үсті сызылған орауыш қабын пайдаланушы болмаңыз. Жоғарғы жіп оралып қалуы, ине сынып кетуі немесе тігу жұмысы нашарлауы мүмкін. Жаңа орауыш қабын (бөлшек нөмірі: XE9326-001) алу үшін, ең жақын өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Орауыш қабын дұрыс салу керек. Ине сынып кетуі мүмкін.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Машина ақаулы істей бастаса, қызмет көрсетуді сұрамас бұрын төмендегі ықтимал мәселелерді тексеріңіз. Мәселелердің көбін өзіңіз шешуіңіз мүмкін. Қосымша көмек керек болса, Brother Solutions Center орталығы ең соңғы жиі қойылатын сұрақтарды (ЖҚС) және ақаулықтарды жою кеңестерін береді. Веб-торабымызды қараңыз: «<http://support.brother.com>». Мәселе шешілмесе, дилеріңізге немесе ең жақын өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Жөндеу жолы	Бет
Тігін машинасы істемейді.	Қуат қосқышы өшірулі.	Қуат қосқышын қосыңыз.	8
	Орауыш орағышының өзегі оң жаққа итеріледі.	Орауыш орағышының өзегін солға жылжытыңыз.	14
	Педаль дұрыс қолданылмаған.	Педальді дұрыстап пайдаланыңыз.	8
Машинамен тігіліп жатқан мата шығарылмайды.	Жіп ине пластинасының астында оралып қалды.	Матаны көтеріп, оның астындағы жіптерді кесіңіз де, челнокты тазалаңыз.	40
Ине сынады.	Ине дұрыс орнатылмаған.	Инені дұрыстап орнатыңыз.	8
	Ине ұстағышының бұрандасы бос.	Бұрауышпен бұранданы мықтап бұрап қойыңыз.	9
	Ине бүгілген немесе өткір емес.	Инені ауыстырыңыз.	8
	Жоғарғы жіп дұрыс өткізілмеген.	Жоғарғы жіпті дұрыстап сабақтаңыз.	17
	Мата, жіп және ине комбинациясының қате түрі қолданылған.	Матаның түріне лайықты жіп пен инені таңдаңыз.	22
	Сіз қолданып жатқан басып тұратын табан жасалатын тігіс түріне сәйкес келмейді.	Жасалатын тігіс түріне лайықты болатын басып тұратын табанды тағыңыз.	–
	Жоғарғы жіп тым қатты тартылып тұр.	Жоғарғы жіпті босатыңыз.	27
	Мата тым қатты тартылып тұр.	Матаны ақырын жүргізіңіз.	–
	Орам дұрыс орнатылмаған.	Орамды дұрыстап орнатыңыз.	17
	Ине пластинасы тесігінің немесе басып тұратын табанның айналасындағы аймақ сызылған.	Ине пластинасын ауыстырыңыз. Сатушыңызға немесе ең жақын өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.	–
Орауыш қабы сызылған.	Орауыш қабын ауыстырыңыз. Сатушыңызға немесе ең жақын өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.	–	
Осы машинаға арналған орауыш қабы қолданылмаған.	Осы машинаға арналған орауыш қабын пайдаланыңыз.	13	
Жоғарғы жіп үзіледі.	Жоғарғы жіп дұрыс өткізілмеген. (Мысалы, орам дұрыс орнатылмаған немесе жіп иненің үстіндегі бағыттағыштан шығып кеткен.)	Жоғарғы жіпті дұрыстап сабақтаңыз.	17
	Жіпте түйіндер немесе оратылған жерлер бар.	Түйіндердің немесе оратылған жерлердің барлығын жойыңыз.	–
	Ине қолданыстағы жіпке лайықты емес.	Тігіс түріне сәйкес келетін инені таңдаңыз.	22
	Жоғарғы жіп тым қатты тартылып тұр.	Жоғарғы жіпті босатыңыз.	27

Мәселе	Ықтимал себебі	Жөндеу жолы	Бет
▲ Жоғарғы жіп үзіледі.	Ине бүгілген немесе өткір емес.	Инені ауыстырыңыз.	8
	Ине дұрыс орнатылмаған.	Инені дұрыстап орнатыңыз.	8
	Ине пластинасы тесігінің немесе басып тұратын табанның айналасындағы аймақ сызылған.	Ине пластинасын ауыстырыңыз. Сатушыңызға немесе ең жақын өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.	–
	Орауыш қабы сызылған немесе үстінде қабыршық бар.	Орауыш қабын ауыстырыңыз. Сатушыңызға немесе ең жақын өкілетті Brother қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.	–
	Осы машинаға арналған орауыш қабы қолданылмаған.	Осы машинаға арналған орауыш қабын пайдаланыңыз.	13
Төменгі жіп оралып қалады немесе үзіледі.	Орауышқа жіп дұрыс оралмаған.	Жіпті орауышқа дұрыс ораңыз.	13
	Орауыш сызылған немесе жеңіл бұрылмайды.	Орауышты ауыстырыңыз.	–
	Жіп оралып қалды.	Оралып қалған жіпті алып, челнокты тазалаңыз.	40
	Осы машинаға арналған орауыш қабы қолданылмаған.	Осы машинаға арналған орауыш қабын пайдаланыңыз.	13
	Орауыш дұрыс орнатылмаған.	Орауыш жібін қайта өткізіңіз.	15
Жіп тартылысы дұрыс емес.	Жоғарғы жіп дұрыс өткізілмеген.	Жоғарғы жіпті дұрыстап сабақтаңыз.	17
	Орауышқа жіп дұрыс оралмаған.	Жіпті орауышқа дұрыс ораңыз.	13
	Қолданылып жатқан мата үшін қате жіп пен ине комбинациясы пайдаланылған.	Матаның түріне лайықты жіп пен инені таңдаңыз.	22
	Басып тұратын табанның ұстағышы дұрыс тағылмаған.	Басып тұратын табанның ұстағышын дұрыстап тағыңыз.	–
	Жіп тартылысы дұрыс емес.	Жоғарғы жіптің тартылысын реттеңіз.	27
	Осы машинаға арналған орауыш қабы қолданылмаған.	Осы машинаға арналған орауыш қабын пайдаланыңыз.	13
	Орауыш дұрыс орнатылмаған.	Орауыш жібін қайта өткізіңіз.	15
Мата жиырылып қалады.	Жоғарғы жіп дұрыс өткізілмеген немесе орауыш дұрыс орнатылмаған.	Жоғарғы жіпті өткізіп, орауышқа жіпті дұрыстап ораңыз.	13-21
	Орам дұрыс орнатылмаған.	Орамды дұрыстап орнатыңыз.	17
	Мата, жіп және ине комбинациясы дұрыс қолданылмаған.	Матаның түріне лайықты жіп пен инені таңдаңыз.	22
	Ине бүгілген немесе өткір емес.	Инені ауыстырыңыз.	8
	Тігіліп жатқан мата жұқа болса, онда ол дұрыс беріліп жатқан жоқ.	Матаның астына тұрақтандыру материалын салып тігіңіз.	25
	Сіз қолданып жатқан басып тұратын табан жасалатын тігіс түріне сәйкес келмейді.	Жасалатын тігіс түріне лайықты болатын басып тұратын табанды тағыңыз.	35
	Жіп тартылысы дұрыс емес.	Жоғарғы жіптің тартылысын реттеңіз.	27

Мәселе	Ықтимал себебі	Жөндеу жолы	Бет
Тігістер тігілмей қалады.	Жоғарғы жіп дұрыс өткізілмеген.	Жоғарғы жіпті дұрыстап сабақтаңыз.	17
	Мата, жіп және ине комбинациясының қате түрі қолданылған.	Матаның түріне лайықты жіп пен инені таңдаңыз.	22
	Ине бүгілген немесе өткір емес.	Инені ауыстырыңыз.	8
	Ине дұрыс орнатылмаған.	Инені дұрыстап орнатыңыз.	8
	Ине пластинасының астында немесе орауыш қабында шаң жиналып қалды.	Ине пластинасын шешіп, пластина мен орауыш қабын тазалаңыз.	40
Ине сабақтағышын пайдалану мүмкін емес.	Ине дұрыс позицияға көтерілмеген.	Дөңгелектегі белгі жоғары қарап тұратын етіп, тігу дөңгелегін өзіңізге қарай айналдырып (сағат тіліне қарсы) инені көтеріңіз.	19
	Ине дұрыс енгізілмеген.	Инені дұрыстап салыңыз.	8
Тігіс дұрыс тігілмейді.	Қолданылып жатқан табан тігіс түріне сәйкес келмейді.	Жасалатын тігіс түріне лайықты болатын басып тұратын табанды тағыңыз.	–
	Жіп тартылысы дұрыс емес.	Жоғарғы жіптің тартылысын реттеңіз.	27
	Жіп оралып қалды.	Оралып қалған жіпті алып тастаңыз. Жіп орауыш қабының ішінде оралып қалған болса, орауыш қабын тазалаңыз.	40
Мата жүрмейді.	Жамау пластинасы ине пластинасына орнатылған.	Жамау пластинасын алып тастаңыз.	–
	Мата, жіп және ине комбинациясының қате түрі қолданылған.	Матаның түріне лайықты жіп пен инені таңдаңыз.	22
	Мысалы, жіп челнокта оралып қалған.	Оралып қалған жіпті алып тастаңыз. Жіп челноктың ішінде оралып қалған болса, челнокты тазалаңыз.	40
	Сіз қолданып жатқан басып тұратын табан жасалатын тігіс түріне сәйкес келмейді.	Жасалатын тігіс түріне лайықты болатын басып тұратын табанды тағыңыз.	35

АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШ

Сан деректері

4-қадам автоматты түйме тесігі 33

А

Ақаулықтарды жою 42

Артқа тігу тетігі 12

Б

Басып тұратын табанды ауыстыру 10

Бүрмелеу 36

Ж

Жамау 38

Жамау пластинасы 37, 38

Жарық қосқышы 8

Жасырын тігіс табаны 39

Жеңді тігу 25

Жоғарғы жіпті сабақтау 17

Жоғарғы тартылысты реттеу дөңгелегі 27

Жылдам салынатын орауыш 16, 21

Жіп кескіші 24

Жіп тартылысы 27

Жіпті жасырып тігу 30

Жіпті сабақтау

жоғарғы 17

төменгі 15, 16

И

Ине

алмастыру 8

мата мен жіп комбинациялары 22

тексеру 8

Ине сабақтағыш 19

Иректі тігіс 29

Иілімді тігіс 31

Қ

Қайып тігу 31

Қос бағытты тігу 32

Қос ине

тағу 9, 25

тігу 25

Қосалқы құралдар 5

қосымша 5, 37

М

Мата, жіп және ине комбинациялары 22

Н

Негізгі бөлшектер 6

О

Орам істікшесі 13, 17

Орауышқа жіп орау 13

Оюлар 36

Ө

Өрнек таңдау дөңгелегі 11

Өрнектер 11

П

Педадь 8

С

Сылдырма ілгек енгізу 35

Т

Тағылатын тегіс платформа 6

Тазалау 40

Техникалық қызмет көрсету 40

Төменгі жіпті сабақтау 15

Төменгі жіпті тарту 21

Түзу тігіс 29

Түйме тесігі

жасау 33

реттеу 34

Түйме тесігін дәл келтіру бұрандасы 34

Түйме тігу 37

Тігу дөңгелегі 17

Тігістер

атаулар 11

машинада бар 29

Ч

Челнокты тазалау 40

Ш

Штепсельдерді жалғау 7

Э

Электр қуаты 8

Щоб отримати підтримку щодо продуктів і відповіді на запитання, відвідайте веб-сайт <http://support.brother.com>.

Өнімдерді қолдау туралы белімді және жиі қойылатын сұрақтарға жауаптарды біздің <http://support.brother.com> сайтымыздан қараңыз.

Ukrainian
Kazakh
888-X64/X74/X84/X67/X77/X87
Printed in Vietnam



XG4029-001